

## Қазақстан Республикасы мен Түркменстан арасындағы Мемлекеттік шекараны қорғаудағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 13 қыркүйектегі N 1187 Жарлығы

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасу, орындау және күшін жою тәртібі туралы" 1995 жылғы 12 желтоқсандағы заң күші бар N 2679 Жарлығының 16-бабына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. 2001 жылғы 5 шілдеде Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасы мен Түркменстан арасындағы Мемлекеттік шекараны қорғаудағы ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының**

*Президенті*

**Қазақстан Республикасы мен Түркменстан арасындағы  
мемлекеттік шекараны қорғаудағы ынтымақтастық туралы  
КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Түркменстан, халықаралық құқықтың қағидаттары мен нормаларын, достық тату көршілік қатынасты дамыту және мемлекеттік шекара қауіпсіздігін өзара қамтамасыз етуге қатысты жәрдемдесу тілегін басшылыққа ала отырып,

Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысына, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық туралы ұйымның қағидаттарына, Хельсинки Қорытынды Актісінің ережелеріне, сондай-ақ ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің егемендігін, аумақтық тұтастығын және шекаралардың мызғымастығын сақтау туралы 1994 жылғы 15 сәуірдегі декларацияға өздерінің адалдықтарын қуаттай отырып,

Қазақстан Республикасы мен Түркменстан арасындағы достық қатынас пен ынтымақтастық туралы 1993 жылғы 19 мамырдағы шартты негізге ала отырып, төмендегілер туралы келісті:

### **1-бап**

Тараптар Қазақстан-Түркменстан мемлекеттік шекарасын қорғауға қатысты өзара іс-қимыл мәселелерін шешуге қатысты өкілеттіктерді шекаралық ведомстволардың басшыларына береді.

### **2-бап**

Қазақстан-Түркменстан мемлекеттік шекарасын қорғау Тараптардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді және саяси, экономикалық, сауда-саттық, мәдени және гуманитарлық

салаларда қолайлы өзара іс-қимыл режимін құруға және оны қолдауға қызмет ететін Қазақстан-Түрікменстан мемлекеттік шекарасының белгіленген өту тәртібін құқыққа қайши өзгертуге жол бермеуді ескере отырып, жүзеге асырылады.

### **3-бап**

Тараптар террористік топтардың және басқа да қылмыстық элементтердің Қазақстан-Түрікменстан мемлекеттік шекарасы арқылы өтуінің, қару мен оқ-дәрінің, жарылғыш, улағыш, радиоактивті, психотроптық және есірткі заттарының, сондай-ақ әкелуге-әкетуге тыйым салынған басқа да заттар мен жүктөрдің заңсыз айналысының жолын кесу міндеттерін тиімді шешуге бағытталған тең құқықты, әріптестік қатынасты орнатуға және дамытуға міндеттенеді.

### **4-бап**

Тараптар Қазақстан-Түрікменстан мемлекеттік шекарасын қорғау жөніндегі шешімдер мен шараларды уақытылы қабылдау мақсатында ақпаратты үздіксіз жинауды, өндөуді және тұрақты түрде өзара алмасуды, шекарадағы жағдайға талдау жасауды және оны болжамдауды, сондай-ақ алдын алу сипатындағы шараларға қатысты ұсыныстар өзірлеуді қамтамасыз етеді.

### **5-бап**

Тараптардың әрқайсысы, егер осы мәліметтердің жабық сипаты болса немесе оны беретін Тарап мазмұнын әйгілеуді қажетсіз деп тапса, екінші Тарап беретін мәліметтердің құпиялышының қамтамасыз етеді. Мәліметтердің жабық сипатының деңгейін Тарап айқындаиды.

Осы Келісімнің шенберінде Тараптардың бірінен алынған деректер мен мәліметтерді үшінші Тарапқа беру қажеттілігі жағдайында осы деректер мен мәліметтерді берген Тараптың міндетті түрдегі келісімі талап етіледі.

### **6-бап**

Тараптар Қазақстан-Түрікменстан мемлекеттік шекарасын қорғауды қамтамасыз ету мүддесі жолында осындай өкілеттілік берілген шекаралық ведомство органдарының өздерінің ұлттық заңдарына сәйкес жедел іздестіру қызметін мәселелерінде ынтымақтастықты жүзеге асырады. Үнтымақтастық тәртібі жеке хаттамамен реттелетін болады, ол осы Келісімге қол қойылғаннан кейін 6 айдан соң әзірленеді әрі қол қойылады және Келісімнің ажырамас болғі болып табылады.

### **7-бап**

Тараптардың мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерін ашу тәртібі және олардың мәртебесін белгілеу жеке Келісімге сәйкес жүзеге асырылады.

### **8-бап**

Осы Келісімде көзделген өзара міндеттемелерді орындау, сондай-ақ Қазақстан-Түрікменстан мемлекеттік шекарасын қорғауға байланысты ынтымақтастық пен өзара іс-қимыл барысында туындастын мәселелерді шешу үшін Тараптардың шекаралық ведомстволарының басшылары, қажеттілік болған жағдайда,

консультациялар өткізеді, бірлескен жұмыс топтарын құрады және басқа да қажетті іс-шараларды жүргізеді.

#### **9-бап**

Осы Келісімнің ережелерін қолдану мен түсіндіру кезінде Тараптар арасында туындастырылғанда оның міндеттемелеріне ықпал етпейді және Тараптар арасындағы ынтымақтастықтың өзге де қолайлы нысандарын әзірлеуге және дамытуға кедергі келтірмейді.

#### **10-бап**

Осы Келісім басқа да халықаралық шарттар жөніндегі Тараптардың міндеттемелеріне ықпал етпейді және Тараптар арасындағы ынтымақтастықтың өзге де қолайлы нысандарын әзірлеуге және дамытуға кедергі келтірмейді.

Осы Келісімге екі Тараптың келісімімен, өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын жекелеген Хаттамалармен ресімделеді.

#### **11-бап**

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішлік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама күнінен бастап күшіне енеді және Тараптардың бірі екінші Тараптың Келісімінің күшін тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарламасын алған күннен бастап алты ай өткенге дейін қолданыста болады.

Астана қаласында 2001 жылғы 5 шілдеде әрқайсысы қазақ, түрікмен және орыс тілдерінде екі түпнұсқа дана болып жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру мақсаттарында орыс тіліндегі мәтін пайдаланылатын болады.

Қазақстан Республикасы  
үшін

Түрікменстан

үшін

Осымен 2001 жылғы 5 шілдеде қол қойылған Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы мемлекеттік шекараны қорғаудағы ынтымақтастық туралы келісімнің бұл көшірмесінің дәлдігін куәландырамын.

*Қазақстан  
Сыртқы істер  
Халықаралық-құқық*

*Республикасы  
министрлігінің  
департаментінің*

*Бөлім бастығы*